

**«Балабақша мен отбасы – бірлесе әрекет етеміз»
таныстыру кездесуі мен сауалнама жүргізу шарасы туралы
АҚПАРАТ**

Балабақшамыздың Консультативтік пунктінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес **26.09.2025ж «Балабақша мен отбасы – бірлесе әрекет етеміз»** атты ата-аналармен таныстыру кездесуі ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – ата-аналарға консультативтік пункттің қызметін таныстыру, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту, бала тәрбиесі мен дамуы бағытында бірлескен жұмысты жүйелеу.

Кездесу барысында:

Консультативтік пункттің мақсаты мен міндеттері түсіндірілді;

Көрсетілетін психологиялық-педагогикалық, әдістемелік көмектер туралы ақпарат берілді;

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму бағыттары таныстырылды;

Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, пікір алмасу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – ата-аналардың сұраныстарын анықтау, тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде кездесетін қиындықтарды зерделеу, алдағы жұмыс бағытын нақтылау.

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың басым бөлігі:

Баланың тіл дамытуы;

Мектепке дайындық;

Тәртіп пен мінез-құлық қалыптастыру;

Отбасындағы тәрбиенің тиімді әдістері бойынша кеңес алуға қызығушылық білдірді.

Кездесу өз мақсатына жетті. Ата-аналар тарапынан белсенділік байқалып, балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға негіз қаланды. Алдағы уақытта консультативтік пункт жұмысы ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жалғасатын болады.

**«Баланың жас ерекшелігі және даму кезеңдері»
кеңес беру және жадынама тарату туралы
АҚПАРАТ**

Балабақшаның Консультативтік пунктінің жылдық жоспарына сәйкес ата-аналарға арналған **31.10.2025ж «Баланың жас ерекшелігі және даму кезеңдері»** тақырыбында кеңес беру жұмысы ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Ата-аналардың бала дамуының жас ерекшеліктері туралы білімін арттыру, әр кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді түсіндіру және отбасында дұрыс қолдау көрсетуге бағыт беру.

Кеңес беру барысында келесі мәселелер қарастырылды:

3–4 жастағы балалардың сөйлеу және танымдық белсенділігі;

4–5 жастағы балалардың әлеуметтік қарым-қатынасы;

5–6 жастағы балалардың мектепке психологиялық дайындығы;

Әр жас кезеңіндегі ата-ананың қолдауы мен тәрбиелеу тәсілдері.

Кездесу барысында ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты ұсыныстар мен кеңестер алды. Практикалық мысалдар келтіріліп, бала дамуындағы ерекшеліктерді түсінуге бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ата-аналарға тақырып бойынша арнайы дайындалған жадынама таратылды. Жадынамада:

Баланың жасына сай даму көрсеткіштері;

Қалыпты мінез-құлық ерекшеліктері;

Үй жағдайында дамытуға арналған қарапайым ойындар мен жаттығулар;

Ата-анаға арналған психологиялық кеңестер қамтылды.

Шара нәтижесінде ата-аналардың бала даму кезеңдері туралы түсінігі кеңейіп, отбасындағы тәрбиелік жұмысты тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар берілді.

«Сөйлеу тілін дамыту жолдары» логопед кеңесі туралы АҚПАРАТ

Балабақшаның Консультативтік пунктінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес **28.11.2025ж «Сөйлеу тілін дамыту жолдары»** тақырыбында логопед маманы А.Ережепова ата-аналарға арналған кеңес беру жұмысын ұйымдастырды.

Мақсаты:

Балалардың сөйлеу тілінің дамуына қолдау көрсету, ата-аналарға үй жағдайында тіл дамыту жұмыстарының тиімді тәсілдерін ұсыну және сөйлеу кемшіліктерінің алдын алу.

Кеңес барысында логопед маман:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңдері;

Дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыру жолдары;

Артикуляциялық жаттығулардың маңызы;

Ұсақ моториканы дамыту мен сөйлеу арасындағы байланыс;

Үй жағдайында жүргізілетін ойын түріндегі жаттығулар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ата-аналарға практикалық түрде артикуляциялық жаттығулар көрсетіліп, тыныс алу гимнастикасының үлгілері ұсынылды. Сонымен қатар дыбыстарды дұрыс айтуға арналған ойындар мен күнделікті қолдануға болатын қарапайым тапсырмалар таныстырылды.

Кеңес соңында ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, жеке ұсыныстар берілді. Нәтижесінде:

Ата-аналардың сөйлеу тілін дамыту бағытындағы білімдері толықтырылып, үй жағдайында баламен жүйелі жұмыс жүргізуге бағыт-бағдар берілді.

«Баланың эмоционалдық дамуы» психологиялық тренинг туралы АҚПАРАТ

Балабақшаның Консультативтік пунктінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес **26.12.2026ж. «Баланың эмоционалдық дамуы»** тақырыбында тәрбиешілердің ұйымдастыруымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Балалардың эмоционалдық дамуының маңыздылығын түсіндіру, жағымды психологиялық орта қалыптастыру жолдарын көрсету және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Тренинг барысында келесі бағыттар қамтылды:
Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоциялық ерекшеліктері;
Баланың сезімдерін тану және қабылдау;
Эмоцияларды дұрыс білдіру мен реттеу тәсілдері;
Баламен сенімді қарым-қатынас орнату жолдары;
Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру әдістері.

Іс-шарада «Көңіл-күй шеңбері», «Эмоцияларды тану», «Жағдаяттық тапсырмалар» сияқты практикалық жаттығулар ұйымдастырылды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.

Тренинг нәтижесінде тәрбиешілер балалардың эмоциялық жағдайын бақылау, қолдау көрсету және мінез-құлық ерекшеліктерін түсіну бойынша практикалық дағдыларын жетілдірді. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды нығайтуға бағытталған ұсыныстар берілді.



«Ойын арқылы дамыту» шеберлік сағаты туралы АҚПАРАТ

Консультативтік пунктiнiң жылдық жоспарына сәйкес балабақшада **30.01.2026ж** **«Ойын арқылы дамыту»** тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді. Іс-шараны тәрбиешілер мен музыка жетекшісі бірлесіп ұйымдастырды.

Шеберлік сағатының мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, тілдік, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту жолдарын көрсету, педагогтердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.

Іс-шара барысында:
дамытушы дидактикалық ойындар көрсетілді;
қимылды және ұлттық ойын элементтері пайдаланылды;
музыкалық-ырғақты ойындар арқылы балалардың есту, сезіну, зейін қою қабілеттері дамытылды;
рөлдік ойындар арқылы сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас дағдылары жетілдірілді.

Музыка жетекшісі ойын мен әуенді ұштастыру арқылы баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және шығармашылық белсенділігін арттыру жолдарын тәжірибе жүзінде көрсетті.

Шеберлік сағаты барысында педагогтер ойын технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерімен танысып, өз тәжірибелерінде қолдануға арналған практикалық ұсыныстар алды.

Қорытындысында ойын – баланың жетекші әрекеті екені, сондықтан тәрбиелеу-білім беру процесінде ойын технологияларын жүйелі әрі мақсатты қолдану қажеттілігі атап өтілді.

**«Денсаулық – басты байлық»
медбике кеңесі туралы
АҚПАРАТ**

Консультативтік пункт жоспарына сәйкес **27.02.2026ж «Денсаулық – басты байлық»** тақырыбында медбикенің ұйымдастыруымен кеңес өтті.

Кеңестің негізгі мақсаты – балалардың, педагогтердің және ата-аналардың денсаулығын сақтау, алдын алу шараларын түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау. Кеңес барысында:

Денсаулықты сақтау және нығайту әдістері талқыланды;

Алдын алу шаралары мен күнделікті гигиеналық дағдылар көрсетілді;

Медбике қатысушыларға кеңес беріп, сұрақтарға жауап берді.

Кеңес нәтижесінде педагогтер мен ата-аналар денсаулықты сақтау шараларын өз тәжірибесінде қолдануға бағыт алды.

**«Ұлттық құндылықтар және отбасы тәрбиесі»
дөңгелек үстел туралы
АҚПАРАТ**

Балабақшаның консультативтік пунктінің жоспарына сәйкес **27.03.2026ж. «Ұлттық құндылықтар және отбасы тәрбиесі»** тақырыбында балабақша меңгерушісінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шара барысында ата-аналарға ұлттық тәрбие негіздері, отбасындағы бала тәрбиесінің маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өзара пікір алмасу өтті.

Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары талқыланды.

**«Мектепке даярлық: ата-ана нені білу керек?»
кеңес беру туралы
АҚПАРАТ**

Консультативтік пункт жоспарына сәйкес **24.04.2026ж «Мектепке даярлық: ата-ана нені білу керек?»** тақырыбында тәрбиешілер тарапынан ата-аналарға кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Іс-шара барысында ата-аналарға балаларды мектепке жан-жақты дайындау жолдары, психологиялық және оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар, ата-аналарға баланың өзін-өзі ұстауы, зейіні, тіл дамытуы және ұсақ моторикасын жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылып, сұрақтарына жауап берілді.

Кеңес беру барысында ата-аналар белсенділік танытып, өзара пікір алмасу ұйымдастырылды.